

## ҚАЗАҚ ДРАМАТУРГИЯСЫНДАҒЫ ЭПИКАЛЫҚ ДӘСТҮР ЖАЛҒАСТЫҒЫ

Обаева Г.С.<sup>1</sup>, \*Балтымова М.Р.<sup>2</sup>

<sup>1</sup>PhD докторант, Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті,  
Ақтөбе, Қазақстан, e-mail: [gso72@mail.ru](mailto:gso72@mail.ru),

<sup>2</sup>ф.ғ.к., қауымдастырылған профессор, Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе  
өңірлік университеті, Ақтөбе, Қазақстан,  
e-mail: [mbr76@mail.ru](mailto:mbr76@mail.ru)

**Аңдатпа.** Бұл мақалада екі көркемдік жүйе (фольклор мен әдебиет) байланысының тарихнамасы теориялық аспектіде жүйеленіп, қазақ әдебиетінің классигі Ғабит Мүсірепов драматургиясының көркемдік әлемінде фольклор тақырыбының алатын орны, бастау негіздері талданды. Фольклор үлгілерінің трансформациялану болмысы әдебиеттану ғылымы заңдылықтары аясында қарастырылды. Фольклор мен жазба әдебиеттің, фольклор мен жеке ақын-жазушылардың шығармашылық дәстүрі мәселесінің негізінде жазушы Ғабит Мүсірепов шығармаларының фольклорлық негізі, жазушы шеберлігінің бастауын анықтау мақсаты көзделді. Алдымен көркемдік даму процесіндегі фольклор мен әдебиет байланысының маңызына арналған теоретик-ғалымдардың ғылыми жетістіктері мен тәжірибесіне сүйене отырып, қозғаған мәселеміздің теориялық принциптерінің негізгі маңызды шарттары анықталды.

Қазақ драматургиясындағы эпикалық дәстүрдің М. Әуезов шығармашылығынан бастау алғаны және оны әрі қарай жалғастырған Ғ. Мүсірепов шеберлігі, осы жанрдың оның классик ретінде қалыптасуындағы бірден-бір бастау, алғышарт болғаны дәлелденеді. Жазушының фольклорлық эпосты жазба әдебиеттің күрделі жанры драматургияға айналдыруда жанр заңдылығын сақтай отырып, сан ғасырлар бойы қазақ ұғымында бекіген образдар мен сол шығармалардың идеялық қазығына мүлдем өзгеше рең беріп, жазба әдебиеттің өшпес мұрасына айналдырудағы шеберлік сыры анықталады. Суреткердің драматургиядағы алғашқы тәжірибесінің классикалық лиро-эпостық жырларды жазба әдебиеттің туындысына айналдырудан басталуы ол үшін шеберлік мектебі болғандығы зерттеледі. Драматург классикалық эпосты классикалық драмаға айналдыруда драмаға қажет болатын барлық тәсілдерді шебер пайдаланады. Драматургтің қоғамның тұрмыс-тіршілік деректерін сахнаға толықтай, не бөлшектеп тура көшіріп қана қоймай, ұлттың мәдени құбылысының парадигмасын жаңғыртудағы шеберлігінің сыры айқындалады. Осының барлығы мақаланың ғылыми маңыздылығын айқындайды.

Тақырыпты зерттеу барысында жинақтау, жүйелеу, талдау, салыстыру әдістері қолданылды. Мақала қорытындысын зерттеу жұмыстарын жүргізуде, әдебиет пен фольклортанудан элективті курстар жүргізуде пайдалануға болады.

**Тірек сөздер:** фольклор, архетип, фольклорлық кірігу, эпикалық драматургия, дәстүр, драмалық тартыс, эпос, қазақ драматургиясы

### Негізгі ережелер

Тәуелсіздік алғаннан кейін қазақ әдебиеттану ғылымында фольклорлық мотивтер мен дәстүрлердің жазба әдебиеттің көркемдік сапасына ерекше әр беріп, жаңаша өрнек, өзгеше сапа дарыта түскенін зерттеу бағыты өз алдына ғылым саласы боп қалыптасты деуге болады. Түркологтар фольклор мен жазба әдебиет арасының сан қилы аспектілерін айқындай түсуді тегеурінді түрде

көтеріп келеді. Фольклортану ғылымында фольклорды стадиялық, генезистік, көркемдік тәсіл, типологиялық, этнографиялық, дәстүрлілік тұрғысынан зерттеудің арналары бір жолға қойылғанын да атап өтеміз. Дәл осы заңдылықтарды білу, талдап-тану жазба әдебиеттің де табиғатын түсінуге жағдай жасайды. Әсіресе, фольклордың дәстүрлілігі, яғни фольклорлық сарындар мәселесі бүгінгі әдебиеттің ұлттық негізін зерделеуде өте қажет.

### **Кіріспе**

Еліміз егемендік алғаннан бері фольклорға жаңаша көзқарас нық орын алды. Осының аясында халқымыздың ауызша тараған рухани мұрасының, фольклорлық дәстүрлердің көркем әдебиетте қолданылу ерекшелігін зерделейтін бірқатар зерттеулер қосылды. Әсіресе, соңғы жылдары рухани-мәдени құндылықтарымызды қайта саралап жатқан тұста мұндай зерттеулердің құндылығы арта түскендей. Жазушылардың фольклорлық мұраларды пайдаланудағы қол жеткізген нәтижелерінің де әдеби үрдістің кейбір өзіндік типологиялық сипаттарын айқындаудағы, көркемдік шеберлігінің деңгейін анықтаудағы маңызы ерекше. Жазба әдебиетте шығарманың көркемдік тініне тұрмыстық сипат беру үшін фольклорлық мотивтер жиі пайдаланылады. Көркем әдебиеттің кез келген түрі ұлттық тіл байлығы аясында пайда болып, қалыптасады. Қозғайтын мәселелері де халықтың қоғамдық-әлеуметтік өмірімен, тарихымен, тұрмыс-тіршілігімен, еңбек қатынастарымен тығыз байланысты.

Ауыз әдебиетінде де, жазба әдебиетте де халқымыздың сөз өнері саласындағы шығармашылық таланты қайта жаңғыра түсті. Екеуінде де өзара ұқсас жанрлар жиі пайда болып, дамыды. Сол себепті де ауыз әдебиеті мен жазба әдебиеттің өзара идеялық-көркемдік ықпалы – табиғи құбылыс. Дегенмен, халық әдеби мұрасының дәстүрлерін, оның көркемдік үлгілері мен образдарын пайдалану әрқашан саналы процесс бола бермейтінін ескеру қажет. Осы орайда, ғалым А.Ісмақованың архетиптер туралы пікірі ойымызға қазық бола алады. Ол архетиптердің ертегілерде, мифтер мен аңыз-хикаяларда белгілі бір моральдық-адамгершілік белгіні білдіретін тұрақты мотивтер түрінде кездесетінін және қазақ фольклоры ұлттық мәдени архетиптің негізгі бөлігі бола отырып, қазіргі қазақ прозасының жанрлық жадының белсенді факторы екенін айтады [1, 240 б.]. Көбінесе қаламгер қанындағы генетикалық түйсіктің арқасында өз шығармасында қандай да бір фольклорлық үлгіні әдейі емес, еркінен тыс пайдаланады. С. Қасқабасов екі көркемдік жүйенің өзара байланысын зерттеу барысында генетикалық, оппозициялық, өзара үйлесімді және кері байланыс деген төрт түрін айқындайды. Әдебиет пен фольклор арасындағы генетикалық байланыс жазба әдебиеттің туу кезеңіне тән, ол халық ауыз әдебиетінен тікелей өсіп, оның жанрларын, сюжеттерін, образдарын, тілін молынан пайдаланады. Бұл байланыс түрінің қазақ әдебиетіндегі драматургия мен поэзия жанрында айқын аңғарылатынын ғалым жақсы атап өтеді. Ал проза әуел бастан, қалыптасу кезеңінен бастап-ақ фольклорды сюжетке қажетті қандай да бір реңк беретін фон ретінде ғана пайдаланады. «Проза, за исключением отдельных рассказов, никогда не

основывается на фольклорных сюжетах, а лишь вкрапливает эти сюжеты в повествование» [2, 344-346 бб.]. Жоғарыда айтылған пікірге сүйене отырып, 20-ғасырдың басында енді дами бастаған қазақтың жазба әдебиетінде дәл осы байланыс типінің ерекше орын алғанын байқаймыз. Он тоғызыншы ғасырдағы жазба әдебиеттің бастауында тұрған Абай поэмаларының өзі фольклорлық сюжеттерді арқау еткен болатын.

### **Материалдар мен әдістерді сипаттау**

Жалпы, сөз жасаудың негізгі заңдары әдебиетке фольклордан келді. Көркем шығармада кездесетін фольклорлық кірігу мен фольклоризм екеуі екі түрлі құбылыс. Фольклоризм фольклорлық кірігу арқылы жүзеге асады. Ал фольклорлық кірігу әрдайым фольклоризм бола бермейді, ол тек тілдің фактісі бола отырып, сыртқы стилизацияның құрамдас бөлігі бола алады немесе шығарманың көркемдік жүйесіне органикалықпен кіріге алады. Фольклордың әдебиеттегі табиғи көрінісі шығармашылықтың екі жүйесінің (ауызша және жазба) өзара байланысу фактісін үнемі бере бермейді. Фольклоризм фольклорда да, әдебиетте де жеке дара өмір сүре алмайтын, тек олардың өзара қиылысында, байланысында ғана жаңа мағынаның пайда болуымен қатысты ұғым. Әдебиет нығайып, түрлене келе фольклорлық дәстүрлерге бет бұрды, оларды шығармашылықпен игеріп, сол арқылы көркем туындының идеялық-көркемдік, эстетикалық деңгейін көтерді. Осылайша, суреткер шығармашылығындағы дербестіктің басталуына жол ашылды. Фольклорлық дәстүрлерді көркемдік тұрғыдан қайта игеру әрекетінің барған сайын нығайып, байи түсуі фольклор мен әдебиеттің өзара байланысын туғызды [3].

Сөз өнеріндегі фольклорлық сарындарды қандай да бір қаламгер шығармашылығының біртұтас көркемдік жүйесі ретінде ғана емес, жалпы философиялық, этикалық, дүниетанымдық категорияда қарастырған дұрыс. Фольклорлық дәстүр бұрыннан қалыптасқан шығармашылық әдістің заңды жалғасы болса, әдеби дәстүр бұрынғы тәжірибені қайта жаңғырту. Яғни, фольклордағы дәстүр қалыптасқан шығармашылық әдістің заңды жалғасы болса, әдебиеттегі дәстүр ескіні сол күйінде, алғашқы формасында пайдалану емес, қайта оны дамытып, жалғастыру, түрлендіру. Сондықтан да көркем әдебиетте автор өзіне дейінгіні қайталамайды, онда даралық, дербес ерекшелік басым [4, 11 б.]. Яғни, жазушы ескі дәстүрді бойына сіңіре отырып, оны өз түйсігімен қорытып, қайта жаңарған түрде халыққа өзі қабылдаған шындықты ұсынады. Ендеше дәстүр жаңаша жалғасын табады, суреткердің қанымен келген бұл құбылыс нағыз халықтық рухпен сусындағандықтан да көркем шығармада көрінбей қоймайды. Міне, осы фольклорлық дәстүр ұғымының қазақ әдебиеттану ғылымының негізгі арналарының біріне айналуының өзіндік даму жолы бар.

### **Нәтижелер**

Жалпы, осы ғасыр басындағы жаңа әдебиетті жасаушылардың қай-қайсысы да халық ауыз әдебиетінің мұраларына иек артқанын байқаймыз.

Мысалы, С. Мұқанов, М. Әуезов, М. Жұмабаев, С. Сейфуллин, Б. Майлин, І. Жансүгіров т.б. Осы әдеби құбылыстың себебі неде деген заңды сұрақ туады. Осынау ғасырлар тоғысында әр түрлі жанрда, әр түрлі бағытта жазып жүрген ақын-жазушылар неліктен фольклорға сүйенді? Бұл жерде, ең алдымен, екі басты факторды есепке алу керек сияқты: ішкі әдеби заңдылықтар және қоғамдық-тарихи жағдайлар. Сөз жоқ, ең маңызды орынды дәстүр алады, себебі халық ауыз әдебиеті мұраларына жазушылар әдебиет дамуының барлық кезеңдерінің **өн** бойында сүйенеді. Ал екінші маңызды себептердің бірі ретінде мынаны айтар едік: жаңа қоғамдық формация орнап, қоғам дамуында маңызды өзгерістер болып жатқан тұстарда жазба әдебиет өздерінің сұрақтарына ұлттық құндылықтарға, мәдени қайнар көздерге арқа сүйей отырып, солардан жауап табуға тырысты. Ал бай фольклорлық мұра – бұл халықтың көркем тарихы. Кейбір жазба мәдениеті ерте дамыған халықтар үшін фольклор өте ертеде өтіп кеткен шығармашылық ойлаудың бір белесі сияқты болуы мүмкін. Ал қазақ халқы үшін фольклор биік көркемдік талғамы көлемімен ұштасқан, халқымыздың өткен тарихының, рухани өмірінің, дүниетанымы, әдет-ғұрпы, салт-дәстүрінің, өмір құбылысына берілген бағалардың, өмір, табиғат туралы білімдері шоғырланған энциклопедиясы іспетті. Ендеше, осы өзгеше рухани дүниеден нәр алмаған, шығармаларының алтын арқауына айналдырмаған жазушы кемде-кем. Осы бай фольклорлық дәстүр тек әр қаламгердің шығармашылығында әр түрлі көрініс табатыны сөзсіз. Ал жалпы жазба әдебиет туындыларында фольклорға тән бейнелі сөздер, ұғымдар араласа, өзгеше ажар бере қатысады. Мұндай шығармалар өзінің көркемдік тәсілі жағынан ауыз әдебиеті мұрасынан қара үзіп кетпейді. Жазушы Ғабит Мүсірепов те осы белестен көріне білді. Оның шығармашылығы қазақтың көркем сөз әлеміне ғажайып құбылыс боп енді.

Ғ. Мүсірепов халық шығармашылығына ұқыптылықпен назар аударып, соны әдебиетке алғашқылардың бірі болып енгізген жазушылардың бірі. Ол халық жырларын өзінің жарқын талантымен одан сайын жарқыратты. Оның барлық шығармашылығы ұлттық әдебиеттің халық тудырған поэтикалық құндылықтардан тыс дамымайтынына куә болды. Мүсіреповтік осы дәстүр, яғни халық мұрасына деген терең құрмет, одан кейінгі әдебиеттің дамуына игі ықпалын тигізді. Суреткер дарыны оның әдебиеттегі дара жолы арқылы анықталады. Бірегей және қайталанбас өнер туындысы мәңгілік болады. Әдебиет қайталауды қаламайды, таптаурынды сүймейді. Жазушы өзгенің шындық туралы ойымен санаспайды, ол өзі таныған шындық тұрғысынан шынайы өмірдің көркем бейнесін жасайды. Ол шындық неғұрлым шынайы болса, соғұрлым тереңірек болады. Сөйтіп, әдебиеттің халықтық сипаты тереңдей түседі. Сондықтан да жазушы шығармашылығының халық ауыз әдебиетімен байланысының сырын анықтамай тұрып, оның халықтық негізін талдау мүмкін емес. Қазіргі дәуір игі дәстүрлердің қайта жаңғыруымен қатар, жаңалықтардың да үздіксіз дүниеге келуімен, қайсыбір шешімі қиын мәселелерге де жаңаша көзқараспен қарап, оң баға беруге талпынысымен ерекшеленеді. Бүгінгі қазақ әдебиеті осындай жаңарумен, жаңаша ойлау

жүйесімен бірлікте, тұтастықта қарастырылуы керек деген ғалым Р.Тұрысбек пікірінің жаны бар [5, 108 б.].

Жалпы, фольклордың жазба әдебиетке кірігу процесінің өзі белгілі бір көркемдік айналымнан өтеді. Әдебиетке ауысқаннан кейін фольклорлық сарын, образ т.б. фольклорлық элементтер жаңа көркемдік жүйенің құрамына ене отырып, бастапқы мазмұнын жоғалтады. Әрі қарай ендігі жаңа көркемдік жүйедегі жаңа мағына үшін бастапқы фольклорлық мазмұнды сол өзінің қызмет ету салаларына сәйкестендіруі қажет. Ол кейде тікелей ғана емес, әдеби дәстүр немесе жазушының фольклорды меңгерудегі шығармашылық әдісі арқылы да жүзеге асуы мүмкін. Түптеп келгенде, фольклорлық шығармашылықтың пайда болуы мен дамуының өзі, Б.Н. Путиловтың анықтауынша, өте күрделі процесс [6, 8 б.].

Филология ғылымының тарихындағы фольклоризмге берілген анықтамаларға шолу жасау барысында түйгеніміз, әдебиеттің фольклоризмі бұл фольклордың жекелеген элементтерінің қарапайым ықпалдасуы, сонымен қатар екі көркемдік (ауызша және жазбаша) жүйенің өзара күрделі әрекеттесуінің нәтижесі. Сондай-ақ, жазушының фольклорды жүйелік-құрылымдық, лексикалық, образдық және идеологиялық деңгейде түсініп, саналы түрде дамытып, түрлендіру процесі деп те айқындауға да болады. Және бір жағынан жазушының дүниетанымы, азаматтық ұстанымына сай халық мәдениеті және әлемдік бейнені қабылдау ерекшелігі арасындағы бейсаналы түрде жүзеге асатын байланыс деп түсіну керек. Қалай болғанда да, фольклор мен әдебиет өздеріне ғана тән айрықша қасиеттері бола тұра, сөз өнерінің түрлері ретінде бір-бірімен тығыз қарым-қатынас жасайтын екі бөлек көркемдік жүйе.

Ғ. Мүсірепов көркем шығармаларындағы фольклорлық дәстүрлерді саралағанда, алдымен, оның шығармашылығындағы тақырыптық даралықты байқадық. Оның әдебиетке деген ынтасының ерте оянғанын ғалым Н.Ғабдуллин былай деп баяндайды: «Ғабит әдебиетке бала кезінен іңкәр болады, халықтың сан ғасырлар бойы сақталған асыл қазынасы – ауыз әдебиетін еліге тыңдап, көкейге ұялата береді. Егделерден естіген, қиял тербетер ғажайып ертегілерді, қызық оқиғалы қисса-жырларды жадына тоқып, жұртқа қызыға әңгімелеп беруді дағды етеді» [7, 5 б.]. Мінекей, Ғ. Мүсірепов туындыларында айрықша орын алатын фольклорлық дәстүрлерге алғашқы іргетас осылайша жасалған. Шығарма жазу – туа біткен қабілет, сондай-ақ тынымсыз ізденіс пен дағдыны дамыту нәтижесінде жүзеге асырылатын қиын жұмыс. Бұл тынымсыз дайындықты, жанкешті еңбекті қажет ететін процесс. Сол мақсатқа жету жолында авторлық көзқарас, дара дүниетаным қалыптасуы қажет. Кез келген көркем дүние автордың дүниетанымын басшылыққа ала отырып жазылады. «Автордың қоғамдық танымы, идеялық сезімі, моральдық қасиеті, объектив заттарға ұстаған ұстанымы өзінің туындысында бейнеленіп отырады» [8, 5 б.]. Мүсірепов сол шығармашылық арпалыстың, шығармашылық ізденістің ләззатын жанкешті еңбек нәтижесінде татқан жазушы. Оның жоғарыда шолып өткен жазушы боп қалыптасу тарихындағы ұзақ сапары талантқа қоса еңбектің арқасында жүзеге асып, нәтижесін берді.

Қазақ әдебиетінің іргетасын қалаған атақты жазушы Бейімбет Майлиннің Ғабиттің алғашқы әңгімесінен-ақ талантын байқап, жазуға деген талабын ұштап, ақыл-кеңесін айтып, жол көрсетуі оның кейінгі шығармашылық дара жолына ерекше шабыт сыйлады. Жазушының нағыз таланты драматургия саласындағы шығармаларында айқын аңғарыла түсті. Мүсіреповке дейін қазақ драматургиясының алғашқы шымылдығын Мұхтар Әуезов ашты. Оның «Еңлік-Кебек» пьесасы алғаш рет 1917 жылдың мамыр айында Абайдың сүйікті жары Әйгерімнің Ойқұдық жайлауындағы сегіз қанатты үйінде қойылды. Бұған дейін қазақ әдебиетінде драматургия жанры болмаған еді. Әлемдік драматургияны жетік меңгерген талантты жас жазушы М. Әуезов халық жадында сақталып, кең тараған ауызша әңгімені алғаш рет спектакльге айналдырады. Болашақ ұлы жазушы қазақ драматургиясының алтын қазығы халық әдебиеті екенін дөп тани, терең сезіне алды. Сөйтіп, осы уақытқа дейін ел арасында кең тараған аңыз-әңгімелер мен дастандарға сүйене отырып, драматургияға қажетті фольклордың барлық мүмкіндігін шебер пайдаланады. Драматургияның жетістігі қоғамның күнделікті өміріндегі тұрмыстық деректерді театр сахнасына біртіндеп әкелуінде емес, белгілі бір халықтың мәдени феномені парадигмасын қайта жаңғыртуымен өлшенеді. М. Әуезовтің «Еңлік-Кебек» трагедиясы – ұлттық драматургияның алғашқы шымылдығын ашқан, драмалық жанр дамуындағы қол жеткен шығармашылық табыстардың бастауында тұрған туынды. Жазушының көркемдік және әдеби-сыни мұрасы – ұлттық әдебиеттің өрлеуін сипаттайтын барлық ізденістердің, табыстар мен сәтсіздіктер қисынының қайталанбас құбылысы. Драматургтың ойынша, қаһарман өмірін тұтас, мәнді ететін деректерді іздестіру, зерделеу, түсіну өнер табысының ең қажетті шарты.

М. Әуезов драматургиясы осы ерекшелігімен тарихты көркемдік-эстетикалық тұрғыдан түсінудегі жаңашылдықтардың жаршысы болды [9, 38 б.]. Осы трагедия арқылы М.Әуезов халық ауыз әдебиетінің үлгілеріндегі ойдың орасан зор байлығын, сөз құдіретін қалай пайдалану керектігінің жарқын үлгісін көрсетті. Өзіне дейін драматургиялық дәстүрдің жоқтығына қарамастан, басқа елдер әдебиетінен сабақ ала отырып, жанрдың шарттарына толық сәйкес келетін трагедия жасады. Оқиға желісінің сызбасы, композициялық құрылыстың архитектуроникасы жазушының драма жанрының заңдылықтарын жақсы меңгергендігін айғақтайды [10, 29 б.]. Әуезов басқа да қаламдас достарын халық ауыз әдебиетінің жауһарларын, ертегілері мен жыр-дастандарын жазба әдебиеттің құнары ретінде пайдалануға шақырды. Жалпы алғанда, драматургияның қалыптасуы мен дамуында фольклордың маңызы зор болды. Халық ауыз әдебиеті туындылары – драмалық жанрдағы жаңашылдықтың көзі. Белгілі драматургтердің қай-қайсысы да түрлі биіктерге көтеріліп, осындай дәрежеге жетуіне фольклорлық дәстүр себеп болғаны белгілі. Драматургия жанрында халық жырлары мен эпостық шығармалар дәстүрін меңгеру, оларды жазба әдебиеттің игілігіне жарату, жаңаша түр беру оңай емес. Ауызша аудиторияға арналған фольклор жанрын сахна тіліне аудару үлкен тәжірибені қажет етеді. Эпостық шығарманың құрылымында драмалық элементтер болғанымен, ол табиғатында драмалық шығарма емес. Эпос пен

драманың айырмашылығы – олардың көлемінде. Эпикалық жырдың көлемі ауқымды, сюжеттегі уақыт пен кейіпкерлер санына шектеу жоқ және бір оқиғадан екіншісіне жылдам ауыса береді. Өйткені драма – сахнаға арналған жанр, сол себепті бұл әдістердің ешқайсысын еркін пайдалана алмайды. Өйткені драмада уақыт пен кеңістік шектеулі. Уақыт пен кеңістік өнердің, оның ішінде әдебиеттің маңызды философиялық, идеялық мазмұны мен композициялық сипатына ие. Оларды зерттеу шындықты көркем бейнелеу мүмкіндіктерін, көркем шығарманың ішкі дүниесінің ерекшеліктерін және шығарманың мазмұны мен формасының күрделі мәселелерін шешуде маңызды рөл атқарады. «Көркем уақыт пен кеңістік шығарма композициясын, оның ішінде баяндауды, сөз құрылымын, сюжеттің дамуын құрайтын мәтіннің күрделі құрылымдық бөлігі» [11, 40 б.]. Драманың бұл ерекшеліктері драматургтен оқиғаға материал таңдауға, талдауға дейін өте жауапты көзқарасты талап етеді. Осы жауапкершілік жүгін арқалаған М. Әуезовтің әдеби тәжірибесі әдебиетке келгеніне көп бола қоймаған қаламгер Ғабит Мүсіреповке үлгі болды. Адамның ішкі-сыртқы болмысын, мінез-құлқын, сөзін, іс-әрекетін, әр түрлі сезім халін терең көрсететін алғашқы туындыларындағы сюжеттік тартыстар болашақ драмалық шығармаларына тікелей әсер етті. «Автордың драмалық шығармаларындағы сөйлеу сипаты жаңа сапаға ие болады» [12,13 б.].

Ғабит 1925 жылы жарық көрген алғашқы әңгімесінен бастап 1934 жылы «Қыз Жібек» атты алғашқы драмасын жазғанға дейінгі аралықта жазушы ретінде қалыптасып, күрделі драма жанрының теориялық мәселелерін жетік меңгереді. Оның жазушылық шеберлігі, шығармашылығының тақырыптық құндылығы осы фольклордың төл туындысына батыл бара алғандығымен арта түседі. Драматург халықтың ғасырлардан келе жатқан классикалық туындысын жазба әдебиеттің игілігіне, яғни классикалық драмаға айналдырды. Әрине, жазушы драматургияны қолға алмас бұрын проза жанрында шеберлігін шыңдап алды. Сол алғашқы прозалық туындыларындағы шиеленісті тартыстар, іс-әрекеттер, кейіпкерлердің әр түрлі диалогтары сияқты драматургияға тән құбылыстар оның болашақ драмаларына іргетас болғаны сөзсіз. 1934 жылы халық жырының негізінде әуелі музыкалық драма ретінде дүниеге келген «Қыз Жібек» пьесасы жазылды, кейін операның либреттосына айналды, 1939 жылы «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» трагедиясы нағыз классикалық драмаға айналды.

Ғ. Мүсірепов Әуезовтің ізімен фольклордың төл туындыларына айрықша мән беріп, халық жадында ғасырлар бойы сақталып жеткен эпикалық туындыларды драмалық шығармаларында шебер пайдаланды. Солшыл саясат фольклорға сын көзбен қарап, ескінің бәрін түкке тұрғысыз етіп, бәрін құртуға ұмтылды, тіпті өткен ғасырдың орта шенінде бұл әрекет одан сайын қарқын ала бастағандай әсер қалдырады. Мұны сөз зергерінің алпысыншы жылдардағы әдебиет мәселесіне арналған бір жиында айтқан пікірлерінен аңғаруға болады. Онда суреткер сонау отызыншы жылдар мен алпысыншы жылдар арасын салыстыра отырып, екі арадағы алшақтықтың қазір тым тереңдеп кеткенін баса айтады. Ескіліктің етегін жинап, тайып тұрғаны былай

тұрсын, қайта тамыры тереңдеп, халықтың рухани қазынасын ісі жаңаның бәріне қарсы жұмсай бастаған соң, «сол асыл қаруды жұлып алып, сүртіп, тазартып, жаңартып, халықтың өз қолына ұстатуға ұмтылды» деп биік мақсатын ашық білдіреді [13, 464 б.]. Суреткер өзінің бұл мақсатына толық жетті. Халқымыздың ғасырлар бойы қалыптасқан ақыл-ой жемісі тудырған дүниесін жаңа дәуірдегі әдеби дәстүрге лайықтап жазба әдебиеттің өлмес туындысына айналдыруы Ғабит Мүсіреповтің мақсатты әрекеті болатын.

Жазушының фольклорға жүгіну себебін анықтай отырып, фольклорлық шығарманың әдеби айналымға енгенін айғақтайтын бұл драмаларды айтпай кетуге болмайды. Фольклорлық мұра әдебиеттің игілігіне айналған уақытта негізгі теориялық қазық ретінде жазба әдебиеттің шарттарын негіз етіп алады. Демек, драманың жазба әдебиет жанры екенін ескерсек, жазушы сол түп қазықтан алысқа кетпейді, осы жағдайда ол фольклорлық дәстүрлерге сүйенеді. Біз жазушының алғашқы әңгімелерінде байқалған тартысты оқиғалар, кейіпкерлердің дара болмысы, образдылық сияқты ерекшеліктердің драмаға әбден лайық болғанын айттық. Фольклор ескіліктің қалдығы саналып, шетқақпай көріп келе жатқан сол бір күрделі алмағайып заманда кемеңгер жазушы осы фольклордың нағыз классикалық туындысын шығармашылығына арқау етті.

### **Талқылау**

Жазушы халық қалаулысына айналған, тіпті әлемдік әдебиетте классикалық эпос болып саналатын інжу-маржандарымызды талғаммен таңдап алып, эпикалық дәстүрін сақтай отырып, оған жаңаша түр берді, сөйтіп жазба әдебиет туындысына айналдырды. Кеңес дәуірінде жазушыларымыздың шығармаларынан фольклорға қатысты деректерді табу және оларды шығармашылық ерекшелік, шеберлік шыңы ретінде бағалау оңай болған жоқ. Осындай талпыныс жасағандарға классикалық шығармадан фольклор үлгісін іздеудің маңызы жоқ деген желеумен ондай зерттеулерге тосқауыл қоюға тырысты. Осының бәрі фольклортану ғылымының өрісінің тарлығынан, ауыз әдебиеті мен жазба әдебиетінің байланысын дұрыс түсінбеу ғана емес, ұлтты отарлау арқылы, рухани кодынан адастыру үшін жасалған қысастық болатын. Ел болашағын ойлаған, рухани қазынасын түгендеуге талпынғандардың жолына осы идеология ықпалы кедергі болды. Жасыратыны жоқ, елуінші жылдардағы қазақ эпосына айтылған жала санада өшпес із қалдырды. Сол кезде Ғ. Мүсірепов ел қазынасын байытып, мазмұнын танытуға батылдық танытқан бірегей қаламгердің бірі болды. Ұлт мақтанышы болған ұлы шығармаларға дақ түсірген заманда М. Әуезов, Ғ. Мүсірепов, т.б. жазушылар батырлық, ғашықтық жырларды драмаға айналдырып, шеберліктің нағыз үлгісін жасады.

Шынында да, бұл шығармалар қалыптасып келе жатқан кәсіби мәдениетте маңызды рөл атқарды. Бұл ретте авторлар фольклордың сюжетіне ғана емес, оның идеясына, кейіпкерлерінің іс-әрекетіне, мінез-құлқына да көптеген өзгерістер енгізді. Бұл өзгерістердің дені кеңестік идеологияның, партияның жазушыларға қойған талабынан туған. Соның нәтижесінде



әдебиеттегі фольклордың актуалданған үлгілерінде таптық-әлеуметтік мәселе алдыңғы орынға шығып, көне мұралар саясиландырылып, өзгеріске ұшырады. Осылайша, шығарманың тұтастай идеялық түсіндірмесі мен образдар жүйесі қазақ ұғымында сан ғасырлар бойы қалыптасқан интерпретациядан мүлде өзгеше, тіпті қарама-қайшы сипатта болып шықты. Халық мұрасын жаңаша көркемдік шеберлікпен суреттей білген жазушылар сол арқылы ғасырдың кәсіби мәдениетіне үлкен үлес қосты [14, 320 б.].

«Қыз Жібек» пьесасы – жазушының реалистік шығарма тудыру жолындағы алғашқы қадамы болатын. Бұл пьеса әуелі музыкалық драма ретінде пайда болса, кейін опералық либреттоға айналды. Бұл эпостың драмалық туындыға айналуына сол кездегі нарком боп қызмет атқарған алаш қайраткері Темірбек Жүргеновтің ықпалы зор болғанын жазушы «Би-аға» әңгімесінде арнайы тоқталады. Осылай туған либреттоға кіріспес бұрын жазушы лиро-эпостың ең танымал нұсқасын таңдап, одан әменгерлік туралы сюжеттік линияны алып тастап, асыл адамгершілікті асқақтату, махаббат еркіндігін насихаттау идеясын тереңдетеді. Жазушының драматургия жанрына келуіне осындай суреткерлік шеберлік тәжірибесінен өтуі көмек болғаны сөзсіз.

Ал «Қозы Көрпеш - Баян сұлу» пьесасы драматургиямыздың тарихи дамуындағы тағы бір өріс болды. Ғашықтар туралы даңқы әлемге тараған бұл эпос хақында көп жазылған. Пушкиннің үйінен осы эпостың бір нұсқасы табылғаны туралы өз уақытында Шоканның досы Григорий Потанин де жазған. Драматург эпикалық аңыз негізінде жазылған «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» драмасында өткен және бүгінгі өмір шындығын нанымды суреттей білген. Өткеннің қойнауынан суырып, көркемдікпен қорыта отырып, қазақ қоғамының феодалдық-патриархалдық кезеңі туралы жазба әдебиеттің күрделі жанрдағы жаңа туындысын жасады. Жазушының драматургия жанрындағы алғашқы шығармасы фольклорлық тақырыптан басталуының өзі кейінгі шығармашылығында орын алған фольклорлық дәстүрлерге берік іргетас болды.

### **Қорытынды**

Сонымен, драматург халықтық лиро-эпостық жырды негізге алып, оның тарихи-әлеуметтік мәнін таптық тұрғыдан айшықтай отырып, жаңаша шешеді. Эпостың шыңынан классикалық драматургияның биігіне жол тартты. Зұлымдық пен махаббаттың бітіспес күресінің сырын ашқан бұл трагедия Ғ. Мүсіреповтің драматургия саласындағы талантының шыңын көрсетті. Халық эпосына жаңаша өмір беріп, жазба әдебиеттің игілігіне айналдырған драматург М. Әуезовтің ізімен рухани дүниемізге үлкен қазына әкеп қосты. Драмалық шығарманың қолжетімділігі мен әсерлі болуының бір сыры – оқиға көрерменнің көз алдында өтіп, оған қатысушы адамдардың сөзі мен іс-әрекеті арқылы шындықты көрсетуінде. Фольклордың төл туындысы жазба әдебиеттің игілігіне айналғанын ескерсек, бұл Ғ. Мүсіреповтің асыл мұраға адалдығы, халық алдындағы перзенттік парызын өтеуі.

## ӘДЕБИЕТТЕР

- [1] Исмакова А.С. Казахская художественная проза. Поэтика, жанр, стиль. Начало XX века и современность. – Алматы: «Гылым», 1998. – 394 стр.
- [2] Қасқабасов С. Елзерде: Әр жылғы зерттеулер. – Алматы: «Жібек жолы», 2008. – 504 бет.
- [3] Хуббитдинова Н.А. Башкирский фольклор в литературе XIII-XIX веков: творческое развитие его мотивов, сюжетов, образов, традиций в башкирской литературе и произведениях русских писателей XIX века. – Уфа, 2013.
- [4] Қасқабасов С.А. Ойөріс (фольклор туралы зерттеулер). – Астана: «Астана полиграфия», 2009. – 320 бет.
- [5] Тұрысбек Р.С. Ақиқат айнасы: Мақалалар мен зерттеулер. – Алматы: «Таймас» баспа үйі, 2008. – 224 бет.
- [6] Путилов Б.Н. О типологической преемственности в эпосе славянских народов // Межславянские культурные связи. – М., 1971.
- [7] Ғабдуллин.Н. Ғабит Мүсірепов – драматург. – Алматы: «Өнер», 1982. – 192 бет.
- [8] Алпысбаев Қ. Көркем мәтінді әдеби талдау. Магистранттарға арналған оқу құралы. – Алматы: «Эверо», 2018. – 180 бет.
- [9] Даутова С.Б., Исхан Б.Ж., Оспанова Б.Р. Мұхтар Әуезов парасаты. Монография. – Алматы: «Эверо», 2018.– 180 бет.
- [10] Нұрғалиев Р. Драма өнері. – Алматы: «Санат», 2001.
- [11] Балтымова М.Р. Ілияс Есенберлиннің тарихи романдары: шеберлік пен көркемдік. Монография. – Алматы: «Отан», 2015. – 168 бет.
- [12] Жұматаева Е. Ғабит Мүсіреповтің шеберлігі. Оқу құралы. – Алматы: «Эверо», 2020. – 168 бет.
- [13] Тәжібаев Ә. Бес томдық шығармалар жинағы. Т.4. – Алматы: «Жазушы», 1981. – 760 бет.
- [14] Қасқабасов С. Таңдамалы. Т.2. Мифология. Фольклор. Әдебиет. Зерттеулер. – Астана: «Фолиант», 2014. – 344 бет.

## REFERENCES

- [1] Ismakova A.S. Kazahskaya hudozhestvennaya proza Poetika, zhanr, stil. Nachalo XX veka I sovremennost (Kazakh artistic prose. Poetics, genre, style. The beginning of the XX century and the present). Almaty: «Gylym», 1998. 394 p. [In Rus.]
- [2] Kaskabasov S. Elzerde: Ar jylgy zertteuler (Elzerde: Review of the year). Almaty: «Silk Road», 2008. 504 p. [In Kaz.]
- [3] Khubbitdinova N.A. Bashkirski folklore v literature XIII-XIX vekov: tvorcheskoe razvitie ego motivov, suzhetov, obrazov, tradicii v bashkirskoi literature I proizvedeniyah russkih pisatelei XIX veka (Bashkir folklore in the literature of the XIII-XIX centuries: the creative development of its motives, subjects, images, traditions in the bashkir literature and works of russian writers of the XIX century). Ufa, 2013. [In Rus.]
- [4] Kaskabasov S.A. Oiorys (folklore turaly zertteuler) (Oyorys (folklore collection)). Astana: «Astana poligpafiya», 2009. 320 p. [In Kaz.]
- [5] Turusbek R.S. Aqiqat ainasy: Maqalalar men zertteuler (Mirror of Truth: Articles and Studies). Almaty: «Taimas» publishing house, 2008. 224 p. [In Kaz.]
- [6] Putilov B.N. O tipologicheskoi preemstvenosti b epose slavyanskih narodov (On typological continuity in the epic of Slavic peoples) // Mezhslyavyanskije cultural relations. M., 1971. [In Rus.]
- [7] Gabdullin N. Gabit Mucirepov – dramaturg (Gabit Mucirepov – playwright) . Almaty: «Oner», 1982. 192 p. [In Kaz.]
- [8] Alpysbaev K. Korkem matindi adebi taldau. Magistranttarga arналган оқу қуралы (Literary analysis of an artistic text). Almaty, «Evero», 2018. 180 p. [In Kaz.]

- [9] Dautova S.B., Iskhan B.J., Ospanova B.R. Muhtar Auezov parasaty (The wisdom of Mukhtar Auezov). Monograph. Almaty: «Evero», 2018. 180 p. [In Kaz.]
- [10] Nurgaliev P. Drama oneri (The art of painting). Almaty: «Sanat», 2001. [In Kaz.]
- [11] Baltymova M.R. Ilyas Esenberlinnin tarihi romandary: sheberlik pen korkemdik (Historical novels of Ilyas Yesenberlin: skill and artistry). Monograph. Almaty: «Otan», 2015. 168 p. [In Kaz.]
- [12] Zhumataeva E. Gabit Musirepovtin sheberligi. Oqu quraly (Mastery of Gabit Musirepov). Almaty: «Evero», 2020. 168 p. [In Kaz.]
- [13] Tajibaev A. Bes tomdyq shigarmalar zhinagy (A collection of five volumes). T.4. Almaty: «Writer», 1981. 760 p. [In Kaz.]
- [14] Kaskabasov S. Tandamaly (Optional). T.2. Mythology. Folklore. Literature. Studies. Astana: «Foliant», 2014. 344 p. [In Kaz.]

## ПРЕЕМСТВЕННОСТЬ ЭПИЧЕСКОЙ ТРАДИЦИИ В КАЗАХСКОЙ ДРАМАТУРГИИ

Обаева Г.С.<sup>1</sup>, \*Балтымова М.Р.<sup>2</sup>

<sup>1</sup>докторант PhD, Актюбинский региональный университет им. К.

Жубанова, Актобе, Казахстан, e-mail: [gso72@mail.ru](mailto:gso72@mail.ru),

\*<sup>2</sup>к.ф.н., ассоциированный профессор, Актюбинский региональный университет им. К. Жубанова, Актобе, Казахстан, e-mail: [mbr76@mail.ru](mailto:mbr76@mail.ru)

**Аннотация.** В данной статье систематизирована историография связи двух художественных систем (фольклора и литературы) в теоретическом аспекте, а также проанализированы место фольклорной темы в художественном мире драматургии классика казахской литературы Габита Мусрепова и ее истоки. Рассмотрена природа трансформации фольклорных моделей в рамках закономерностей литературоведческой науки. На основе проблем фольклора и письменной литературы, фольклора и творческой традиции отдельных поэтов-писателей поставлена цель определить фольклорную основу творчества писателя Габита Мусрепова и начало его писательского мастерства. Прежде всего были определены основные важные теоретические положения обсуждаемой проблемы на основе научных достижений и опыта ученых-теоретиков о значении связи фольклора и литературы в процессе художественного развития.

Доказано, что эпическая традиция в казахской драматургии началась с творчества М. Ауэзова и мастерство продолжившего ее Г. Мусрепова явилось единственной отправной точкой и предпосылкой становления этого жанра как классического. Изучено его мастерство в превращении фольклорного эпоса в драматургию, сохраняя законность жанра, придавая идейному осмыслению образов, закрепившихся в казахской концепции на протяжении многих веков и всего произведения, совершенно иной характер, и тем самым обуславливающее актуальность фольклора как вклада в профессиональную культуру века.

Исследуется тот факт, что начало использования писателем фольклорной темы в жанре драмы было его школой мастерства. Драматург умело использует все необходимые для драматургии методы фольклора, превращая классический эпос в классическую драму. Раскрывается тайна мастерства драматурга в воспроизведении парадигмы культурного феномена нации, а не только копирование на сцене данных повседневной жизни общества целиком или по частям. Все это обуславливает научную значимость статьи.

При изучении темы использовались методы сбора, систематизации, анализа, сравнения. Выводы статьи могут быть использованы при проведении исследований, ведении элективных курсов по литературе и фольклору.

**Ключевые слова:** фольклор, архетип, фольклорное вкрапление, эпическая драма, традиция, конфликт, эпос, казахская драматургия

## CONTINUITY OF THE EPIC TRADITION IN KAZAKH DRAMA

Obaeva G.S.<sup>1</sup>, \*Baltymova M.R.<sup>2</sup>

<sup>1</sup>PhD doctoral student, K.Zhubanov Aktobe Regional University, Aktobe, Kazakhstan, e-mail: gso72@mail.ru,

\*<sup>2</sup>Candidate of Philological Sciences, Associate Professor, K. Zhubanov Aktobe Regional University, Aktobe, Kazakhstan, e-mail: mbr76@mail.ru

**Abstract.** This article systematizes the historiography of the connection between two artistic systems (folklore and literature) in a theoretical aspect, and also analyzes the place of the folklore theme in the artistic world of dramaturgy of the classic of Kazakh literature Gabit Musrepov and its origins. The nature of the transformation of folklore models within the framework of the laws of literary science is considered. Based on the problems of folklore and written literature, folklore and the creative tradition of individual poets-writers, the goal is to determine the folklore basis of the work of the writer Gabit Musrepov and the beginning of his writing skills. First of all, the main important conditions of the theoretical provisions of the problem we are discussing were determined on the basis of scientific achievements and the experience of theoretical scientists on the significance of the connection between folklore and literature in the process of artistic development.

It is proved that the epic tradition in Kazakh dramaturgy began with the work of M. Auezov and the skill of G. Musrepov, who continued it, was the only starting point and prerequisite for the formation of this genre as a classic. His mastery of turning the folklore epic into drama is studied, while maintaining the legitimacy of the genre, giving the ideological understanding of the images that have been entrenched in the Kazakh concept for many centuries and the whole work a completely different character, and thereby causing the relevance of folklore as a contribution to the professional culture of the century. The fact that the beginning of the writer's use of a far-fetched folklore theme in the genre of drama was his school of skill is investigated. The playwright skillfully uses all the methods of folklore necessary for dramaturgy, turning the classical epic into a classical drama. The secret of the playwright's skill in reproducing the paradigm of the cultural phenomenon of the nation is revealed, and not just copying onto the stage the data of the daily life of society in whole or in part. All this determines the scientific significance of the article.

When studying the topic, methods of collection, systematization, analysis, comparison were used. The conclusions of the article can be used in conducting research, conducting elective courses in literature and folklore.

**Keywords:** Folklor, archetype, folklore inclusion, epic drama, tradition, conflict, epos, Kazakh dramaturgy

*Статья поступила 06.10.2022*